

КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ МАГИЯЛЫҚ РЕАЛИЗМ (қазақ және шетел әдебиетіндегі бойынша)

Оразбек М.С.¹, *Сагидуллиева С.С.²

¹фил.ғыл.док., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
e-mail: makpal_zere@mail.ru

*²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты
Астана, Қазақстан
e-mail: samatovna2021@inbox.ru

Аңдатпа. Бүгінгі таңда адамдық құндылық тұжырымдамасы күрделене түсті, бұл иррационалды, мистикалық элементтерді көркем шығармаға енгізу арқылы реалистік әдіске әсер етті. Өмірдегі реалды құбылыстарды мифтік мотивтер және фантастикалық элементтер арқылы түсіндіру әлем әдебиетінде ХХ ғасырда жаңа бағыт – магиялық реализмнің дамуына әсер етті. Мақала мақсаты – қазіргі әдеби үрдістің даму сатысындағы магиялық реализмнің тарихи сатысын, сондай-ақ оның адамзатқа әсерін толық түсіну үшін реалистік және фантастикалық, сиқырлы және иррационалды үйлесімін қарастыру. Магиялық реализм әдісінің даму сатысы, басқа бағыттардан айырмашылығы мен ерекшелігі ғылыми тұрғыда жүйелі қарастырылды.

Мақалада компаративістік зерттеу әдісі, герменевтикалық талдау тәсілдері, кейіпкер мен автор арақатынасын психоаналитикалық талдау әдісі арқылы зерттеу жүргізілді. Шындықты суреттеудегі уақыт пен кеңістіктің рөлі, символдық детальдар көрінісі талданды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Магиялық реализм әдісі әлем әдебиетінде кең өріс алғанымен, қазақ әдебиетінде магиялық элементі қамтылған туындылар мифтік шығармалардың қатарында қарастырылып келді. Мақалада магиялық реализм әдісінің қолданысы, готикалық, мистикалық, фантастикалық жанрлардан айырмашылықтары мен ерекшеліктері жүйелі талданды. Сонымен қатар, магиялық реализм әдісінің даму тарихы мен бүгінгі деңгейі қарастырылды.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі жеке авторлар шығармаларындағы магиялық реализм әдісінің берілу тәсілі мен тарихилығы сараланды. Зерттеу материалы ретінде шетел және отандық әдебиеттану ғылымындағы теориялық еңбектер мен неміс қаламгері мен қазақ жазушысының туындылары салыстырмалы түрде алынды. Мақалада зерттеу нәтижесінде неміс жазушысы Г.Казак туындыларында адамгершіліктің тамырларын зерттей отырып, гуманистік құндылықтарды пысықтау модельдерін анықтап, «прогресс пен регрессияның өзара байланысын» негіздей отырып, мифтік туындыларын түсіндіру арқылы тарихтың қайғылы бұрылыстарын түсіндірсе, қазақ жазушысы А.Алтай мифтік сюжеттер, романтикалық қос дүние, қосарлану мотиві «екінші шындықты» қалпына келтіру арқылы қазіргі қоғамдық шындықтарды суреттеу көркемдік деңгейі қарастырылды. Ал практикалық маңыздылығы әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетін салыстырмалы зерттеулерде, «Әдебиет теориясы» пәні негізінде көркемдік әдістерді оқытуда қосымша ретінде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: көркем проза, магиялық реализм, постмодернизм, фантастика, қазақ және әлем әдебиеті, ұлттық құндылық, миф, готика

Негізгі ережелер

Көркем туындылардағы классикалық магиялық реализмде (1940-70 жылдар кезеңінің Латын Америкасы нұсқасы) шындық кейіпкерге жасалған сиқырлы рәсімдер арқылы ашылады және жерден үшінші әлем деп саналатын әлемнің кез-келген аймағындағы оқиғалар өрбіген кеңістікті суреттейді. Космогониялық, антропогониялық, эсхатологиялық білім мифологиялық сананың үстемдік ету дәуіріндегідей магиялық реализмде жанданады алады. Неміс жазушысы Г.Казак пен қазақ қаламгері А.Алтай туындыларын талдау барысында көз жеткізілді.

Магиялық реализмнің неміс нұсқасында әдеттегі мінез-құлық стереотиптері дәстүрлі түрде түсіндірілетін мағынасын жоғалтты, өйткені олар магиялық реализмнің өкілдері тарихи шындықты түсінуге бағытталған. Санадағы әлемнің қарапайым бейнесі жойылып, рационалды тұжырымдамалаудың «жаңа» шындығы берілмейтініне көз жеткізілді. Қазақ әдебиетіндегі магиялық реализм әдісінің берілу тәсілі мифтік сюжетке негізделіп, ұлттық құндылық пен болмыс негізінде сараланатынына көз жеткізілді.

Кіріспе

Магиялық реализм (ағыл. Magical realism, нем. Magischer Realismus, испанша realismo magico) – әлемнің реалистік бейнесін сиқырлы элементтер арқылы суреттейтін көркемдік әдіс; бұл шындықты бейнелеуде сиқыр мен реалдың дуалистік қатар өмір сүруі. Бұл әдеби құбылысқа тән қасиет – құпияларға, жұмбақтарға және шытырман оқиғалар жүйесі.

Порсмут университетінің ағылшын әдебиеті пәнінің оқытушысы М.Э.Бауэрстің айтуынша, Латын Америкасы жазушыларының халықаралық деңгейде мойындалуы (А.Карпентьер, Г.Маркес) магиялық реализмнің ХХ ғасырдың басындағы еуропалық өнермен байланысын алмастыра отырып, жалпы Латын Америкасы әдебиетінде кең етек ала бастағанын көрсетеді [1, 65 б.]. Алайда, магиялық реализмнің қосымша түсіндірмелерін бөліп көрсетуге болады.

Бастапқыда бұл термин алғаш рет 1923 жылы француз өнер тарихшысы Франц Рудың мақалаларында түсіндірілді, ол пост-экспрессионизм кескіндемесін сипаттады. Суретшілердің зерттелген шығармалары нақты шындықты анық бейнеледі, материалдық дүниені бейнеледі. Дегенмен, ерекшелігі болашақтың ауысуы, кеңістіктік өмірдің бұрмалануы болды. Мұның бәрі картинадағы басқа дүниенің, шынайы емес мазмұнның болуын тудырды. Соғыстан кейінгі жылдары Германияда магиялық реализм «жаңа материалдылыққа» теңестірілді, оны неміс мәдениетінде Neue Sachlichkeit деп атайды [2, 491 б.].

Итальян жеріндегі магиялық реализм 1920 жылдары 1927 жылдан бастап шығатын М.Бонтемпеллидің «Новесенто» әдеби журналында теориялық негіздемесі жарияланды. Бұндағы магиялық реализм концепциясы Ф.Рудың тұжырымдарына жақын болады. «Сиқырлы» эпитетіне жазушы ашуға тиіс және образ «реалистік» бағынуға тиіс шындықтың жұмбақ жағы кірді. Бірте-бірте магиялық реализмнің әдіс-тәсілдерін қабылдаған авторлар, бір жағынан,

шындықты, әсіресе, материалдық дүние мен жеке адамның қарым-қатынасын объективті түрде бейнелеуге ұмтылды. Екінші жағынан, жаңа құбылыс «адам мен әлем арасындағы қарым-қатынастың ерекше үлгісін» қалыптастыруға мүмкіндік берді, сондықтан магиялық реализм шығармалары аясында шындық пен шындыққа жатпайтын дүниелер бір-бірінен ажыратылмайды.

1927 жылдан бастап испандық өнер теоретигі Дж.Ортега и Гассет өнертанушы Ф.Рудың бірқатар монографияларын испан тіліне аударды, сонымен қатар оның «Постэкспрессионизм. Магиялық реализм» (*Realismo mágico*, 1925) кітабының материалдарын ішінара аударды. Ол бұл теориялық ақпаратты *Revista de Occidente* журналында жариялайды. Сол жылы Ортега и Гассет Ф.Ру зерттеулерінің толық аудармасын басып шығарды, сонымен бірге тек «Магиялық реализм» туралы сөзді ғана қалдырып, «постэкспрессионизм» түсінігін алып тастайды. Дәл жоғарыда аталған басылымдар Латын Америкасы әдебиетіндегі магиялық реализм феноменінің дамуының бастапқы нышаны болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін магиялық реализм құбылысы «қайтадан дүниеге келді» және 1945 жылдар аралығында Неміс зерттеушілерінің ерекше назарын аударады. Соғыстан кейінгі неміс шындықтарына қатысты магиялық реализм экспрессионизм дағдарысын түсіндіруге және жеңуге арналған.

Сонымен қатар, Германиядағы магиялық реалисті жақтаушылар 1970 жылдарға дейін Германиядағы ең ықпалды әдеби орта – «47-Топ» тобына қарсы шықты. Неміс нұсқасының шығу тегі романтизм мен экспрессионизмнен бастау алады. Неміс әдебиетіндегі жаңа құбылысты айшықтайтын негізгі әдеби журнал Дрезденде басылып шыққан «Бағана» (1929-1932) бюллетені болғанын айта кеткен жөн. «Бағананың» құрамында Г.Казак, Э.Ланггессер, П.Гюхель, Г.Эйх жазушылары болды. 1960 жылдардың басына қарай бұл әдеби құбылысқа қызығушылық төмендей бастады.

Болмыстың жаратылыс ғажайыбы ретінде бейнеленуі, сиқырды тану шын мәнінде бельгиялық жазушылардың шығармаларында бейнеленген. Магиялық реализмнің бельгиялық нұсқасы фламанд тілінде жарияланған Х.Лампо мен Дж.Деннің еңбектерінде айқын көрінеді. Магиялық реализм қағидаларын теориялық тұрғыдан түсіну оларға белгілі бір әдеби тәжірибе жинақтап, оны «Әдебиет және магия» (Ю.Ден, 1958) очеркінде зерттеді. Бұл авторлардың пікірінше, таныс шындықтан ғажайыпты көру рухани дүниесі бай адамға қол жетімді.

1950 жылдардағы әдебиеттанушылар Америка Құрама Штаттарының магиялық реализмнің бір түрі деп гиперреализмді атайды. Дәл осы кезеңде АҚШ-қа қоныс аударылған неміс және француз сюрреалисттері (А.Массон мен М.Эрнст) көбінесе магиялық реализмнің алғашқы сатыларына ұқсас гиперреализм принциптерін дамыта бастады [3, 257 б.].

Орыс зерттеушілерінің арасында магиялық реализм құбылысы 1945-1949 жылдардағы Л.И.Мальчуковтың «Реализм және магиялық реализм» тақырыбындағы Батыс неміс әдебиеті бойынша жазылған диссертациясында толық сипатталған. Әдебиеттанушының алдында Батыс Германиядағы әдеби

процестің динамикасын осы құбылыстың германдық қабатының аспектілерін анықтау міндеті тұрды. Л.И.Мальчуков айтуынша, «жаңа реализмнің» табиғатын анықтауда «қиранды суретшілердің» шығармашылығына қарсы қоюына назар аударған жөн [4].

Отандық әдебиетте фольклорлық мұраларда шындық пен қиял аралас жанрдағы туындыларды «магиялық реализм» бағытының бастауы деп айта аламыз. С.Қасқабасов фольклорлық туындыларды жанрлық тұрғыда топтастырғанда «эпсаналар мен хикаяттар» деп, «шындық пен қиялдың элементтерін пайдалана отырып, белгілі бір тарихи оқиға, немесе атақты тұлға, я болмаса топоним жайында баяндайтын әңгімелер» [5, 42 б.] деген тұжырымдама жасайды. Эпсаналар мен хикаяттардың өзің іштей үш түрге бөледі: тарихи-мекендік эпсаналар, элеуметтік-утопиялық эпсаналар және діни-кітаби хикаяттар. Бұл жанрдағы туындыларда көбінесе «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» кезең, бақытты сәттер баяндалады, бас кейіпкер батырлық келбетімен дәріптеледі. Кейінгі жылдары көркем прозадағы магиялық реализм әдісін кеңінен пайдаланып, мифтік элементтер арқылы қиял мен шындықты қатар суреттеген О.Бөкей, А.Алтай, Д.Рамазан, Т.Нұрмағамбетов, А.Кемелбаева, Л.Қоныс т.б. жазушыларымызды айтуға болады.

Жалпы алғанда, әртүрлі әдебиеттердегі магиялық реализмнің табиғаты «жаңа заттылықты» (Neue Sachlichkeit) игеруге: табиғаттан тыс және сиқыр техникасы арқылы уақытты біріктіру кезінде шындықта елеулі бұрмаланулар арқылы саналы және айқын көрінетін әлемді өзгерту құбылыстарын айқындауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл құбылысты зерттеу кезінде басқа теориялық аспектілерді атап өткен жөн. Әдебиеттанушы А.В.Биякаеваның айтуынша, магиялық реализм прозасын дамыту барысында жазушылар С.Рушди («Флоренциялық сиқыршы», 2008), Б.Окри («Аш жол», 1991), К.Гарсия («Кубалық армандар», 1992) элеуметтік-саяси, тарихи және этносаралық мәселелерін шешуді қамтитын космополиттік тәсілді кеңінен қолданды [6, 35 б.]. Аталған өкілдердің жұмысында келесі аспектілер жиі байқалады: дәстүрлердің жойылуы, биліктің заңсыздығы, күштеп бірігу, түпкі тамырдың жоғалуы, отаршылдық соғыстар, адамның адамға қысым жасауы [7, 276 б.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеудің әдіснамалық негізін теориялық еңбектерді жүйелік-құрылымдық талдау, салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы қарастырылды. Көркем мәтін мағынасын ашу мақсатында герменевтикалық, компоративистік талдау әдістері қолданылды. Біздің мақаламыздың тақырыбы мен мағынасын ашу үшін «магиялық реализм» тұжырымдамасының теориялық мен ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды.

Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы «магиялық реализм» терминінің мистика, фантастика, готика жанрларынан ерекшелігі мен айырмашылықтарын анықтадық. Психологиялық әдіс арқылы кейіпкерлердің

ішкі сезімдері, ой-толғаныстары, саналарындағы түпкі мифтік образдар (архетиптер) жүйесіне талдау жасалды.

Нәтижелер

Магиялық реализмнің негізгі қақтығысы дәстүрлі жергілікті мәдениет пен ерекше және әмбебап мәдениеттің қатар өмір сүруі болуы мүмкін. Магиялық реализм өкілдері тарихи процесс барысында олардың қарама-қайшылықтары мен синтездерін түсінуге тырысты. Космополитизм магиялық реализм туындыларын талдау кезінде ескеріледі, өйткені дәл осы тәсіл этносаралық және дінге сенушілік кедергілерге деген көзқарасты анықтауға көмектеседі,

Магиялық реализмді әдебиет пен өнердің кейбір бағыттарымен салыстырып, негізгі ұқсас принциптерді де, айырмашылықтарды да анықтау керек. Біріншіден, басқа дүниелік шындыққа деген қызығушылық, барлық сәйкессіздіктердегі идеал мен өмірге қарама-қайшылық, магиялық реализмді романтизммен типологиялық тұрғыдан жақындатады. Алайда, бірінші жағдайда, жазушының басты міндеті – фантастикалық элементтерді қолдана отырып, рационалистік ойлауды жоққа шығарады. Сондай-ақ тарихи шындықтың ерекшеліктерін көрсете отырып, әлемнің мифтік моделін көркемдік тұрғыдан түсіндіреді. М.Э.Бауэрстің пікірінше, магиялық реализммен байланысты тағы бір шығармашылық әдіс – сюрреализм. Бірақ соңғы бағыттағы жазушылар шындықтан тыс ғажайыпты іздеуге, естеліктер мен қиялға жүгінуге, «жан өмірі» мен адам психологиясын бейнелеуде берік тірек іздегенін ескеру қажет [1, 66 б.]. Ақырында, магиялық реализм мен фантастиканы салыстыру кезінде зерттеуші Ц.Тодорова, мынаны атап көрсетеді: фантастика оқырманға болып жатқан оқиғаларды табиғи және табиғаттан тыс түсіндіру арасындағы таңдауды ұсынады, ал магиялық реализмге қатысты мұндай балама жоқ [8, 39 б.].

Сипатталған құбылысты баяндау моделі тұрғысынан қарастыра отырып, «магия» және «реализм» ұғымдары арасындағы қатынастарды түсінудегі түрлі деңгейді байқауға болады. Бұл жағдайда әдебиеттің бұл құбылысы қиялдағы және жұмбақ элементтерді шынайы сияқты байланыстырады.

Әдебиеттанушы А.А.Гугниннің пікірінше, магиялық реализмнің мысалдары ретінде жіктелген шығармалардың көпшілігінде дәстүрлі реализмнен толыққанды айырмашылықтарды қалыптастыратын бірқатар ерекше белгілер бар.

1. Кейіпкерлер арасындағы қатынастарды детерминистік-психологиялық принциптің кілтінде бейнелеуден бас тарту, яғни жеке абстракцияланған бөліктерде емес, әлемнің құрылымын тұтастай түсіндіруге тырысатын мифтік сананың үстемдігіндегі қоғамды сипаттауға ерекше назар аударылады.

2. Субъективтілік пен объективтілік – белгілі бір уақыт категориясын қолдануға бағытталған мақсаттар.

3. Екі шындықтың өзара енуі: бастапқы – «төменгі» – айқын, бірақ шынайы емес, екіншілік – «жоғары», шынайы деңгей ретінде ұсынылады, мұнда мінез-құлықтың әдеттегі қалыптары өз мәнін жоғалтады.

4. Ерекше безендірілген кеңістік шығарманың құрылысына әсер етеді. Ол нақты анықталған болуы мүмкін, бірақ тарихи немесе географиялық кеңістікке толық сәйкес келмейді.

5. Өміршеңдік шындықтың белгілі тарихи ерекшеліктерін көрсетеді.

6. Магиялық реалисттер мифтік-магиялық шындықты прагматикалық-рационалдық категорияға көрнекі және бейнелі түрде қарсы қояды, яғни рационалды және иррационалды сана дилеммасы кеңістіктік-уақыттық арқылы жойылады.

7. Магиялық реализмнің белгілері – антидогматизм, дистопиялық, антидеологизм.

8. Магиялық реализм шеңберінде дүниетанымдық немесе адам санасының тарихи типтерінің синтезі жиі кездеседі: синкретикалық (миф/фольклор), діни, атеистік, рационалды, мистикалық.

9. Әдеби шығармалардағы магиялық реализмге ұмтылу – өркениет пен ойлаудың еуропалық типінен шығу, әлемдік тәжірибенің өзектілігін қамтамасыз ете отырып, ұлтшылдық пен еуроцентризмді жеңу [2, 491 б.].

Айта кету керек, магиялық реализм саласындағы тарихи аспектіні зерттеу кезінде ұлттық мәдени дамудың ерекшеліктерін ескеру қажет. М.Бауэрстің пікірінше, ең маңызды мәдени және көркемдік бағдарлардың бірі ретінде қабылданған магиялық реализм құбылысы ХХ ғасырдың басындағы еуропалық өнермен байланысын тоқтатып, Латын Америкасындағы нұсқасынан алға шығады [1, 62 б.]. Формалистік және дерексіз өнерге қарсы күресте өзін дәлелдеген және дамудың басқа негізі бар Латын Америкасындағы магиялық реализмнің әдеби ағымынан айырмашылығы, ұсынылған құбылыстың неміс нұсқасы өзінің базасында экспрессионизм, романтизм және утопия/дистопия дәстүрлерімен байланысты болды.

Магиялық реализмді зерттеуші А.В.Биякаеваның пікірінше, классикалық магиялық реализмде (1940-70 жылдар кезеңінің Латын Америкасы нұсқасы) шындық кейіпкерге жасалған сиқырлы рәсімдер арқылы ашылады және жерден үшінші әлем деп саналатын әлемнің кез-келген аймағындағы оқиғалар өрбіген кеңістікті суреттейді. Космогониялық, антропогониялық, эсхатологиялық білім мифологиялық сананың үстемдік ету дәуіріндегідей магиялық реализмде жанданады алады [7, 90 б.].

Миф – ХХ ғасырдағы әдеби дәуір үшін маңызды ұғымдардың бірі. Баламалы (ғылымға, мәдениетке, тарихқа қатысты) білім жүйесі ретінде ол әлемнің біртұтас және синкретикалық бейнесін көрсете алады. К.Г.Юнг, мифология – бұл «ұжымдық бейсаналықтың тұрақты проекциясы» және магиялық реализм адамның шынайы өмірінің көрінісі ретінде қазіргі заманғы өнердің құпия интертекстуалдық мүмкіндіктері мен байланыстарын ашатын магияның маңызды бөлігі деп санауға болады деп көрсетеді.

Талқылау

Г.Казактың туындыларында мифологиялық бейнелерді қолданып, Еуропа мен шығыс елдерінің мәдени мұраларын қарастырып, алдыңғы дәуірлерге арналған дәстүрлі мотивтерді пайдаланған. ХХ ғасырдың

мифологемаларымен (елес қала, қираған қала, өлі қала) өткен мифологемалардың синтезі (шындықты іздеу, лабиринтте серуендеу, өзін-өзі анықтау) Г.Казактың романын тарихи түсінуде ерекше рөл атқарады, ал адамның өмірі мен тарих барысы басқа әлемнің символдық картиналарында ұсынылған.

«Өзен сыртындағы қала» романның басты кейіпкері – өнертанушы Роберт Линдхоф, өзеннің арғы жағындағы қалаға шақырылады, онда жоғары комиссар оны қаланың мұрағатшысы етіп тағайындағанын хабарлайды. Роберт абдырап қалады, өйткені ол өзінің міндетін толық түсінбейді – өлгендер қаласын шежірелеу, бұл үлкен қиындықтар тудырады. Роберт өзінің көзқарасы мен өмірбаяны субъективті аспектіден мүмкіндігінше айырылуы үшін басқа дүниелік қала өмірінің әртүрлі аспектілеріне қосылуға шешім қабылдады. Романның соңында Роберт Линдхоф тірілер әлеміне оралады, онда ол жалпы жойылудың куәсі болады. Ол өзінің шежіресін оқи отырып, пойыз вагонында қираған елді аралап жүрген мәңгілік саяхатшы рөлін алады. Роберт отбасын көргеннен кейін жүрек талмасынан қайтыс болады және ол қайтадан өзеннің арғы жағындағы қалада, қазіргі тұрғыны ретінде суреттеледі. Алайда бұрын ол жерде тұрғанын есіне алмайды.

Романның сюжеті ақыретке, «аруақтар еліне» түсуді білдіреді, ал оқиға Гадес бастаған өлілер патшалығы туралы ежелгі грек мифтерімен байланысты. Романның А.Дантенің «Күдайдың комедиясымен» параллель құбылыстарды табуға болады, ол тозақтың тоғыз шеңберін, адамның өз күнәларын білуден азап шегуін және оларды тазарту кезінде жеңу қабілетін сипаттайды. Роберт Линдхофты бомбамен қираған көшелер, мистикалық орындар, абсурдтық ғимараттар атмосферасы бар елес қаланың өміріне батырған кезде, ол қайтыс болған туыстарымен кездеседі. Әкесі, досы Каттель, сүйіктісі Анна оның жадында өмір сүруді жалғастыруда, сондықтан олармен кездесу шындықта болуы мүмкін. «Өзен сыртындағы қаладағы» «өтпелі кезең» – бұл тірілер мекені мен екінші әлем арасында болатын уақыт.

Қала тұжырымдамасы «ақырет патшалығын» білдіреді, мұнда білім жолы келесі ұғымдар тізбегіне құрылады: өмір – аралық мемлекет (өзеннен тыс қалада) – өлім (ғарышта үйлесімділікке жету). Романның алғашқы беттерінде Роберт Линдхоф пойызбен (адамзат өркениетінің тірегі) өзеннен өткеннен кейін ((мифологияның лентасымен ұмыту өзенімен параллель) оны жаңа мұрағатшымен жиі бірге жүретін досы Кател қарсы алады.

Роберт Линдхофтың өзі Геракл туралы мифтің басты кейіпкерімен салыстыра алады, ол жарты құдай болғандықтан жерасты патшалығына түскен. Магиялық реализмнің маңызды идеялық мотивтері қазіргі әлемдегі жеке тұлғаның орнын анықтауға тырысу және болмыс пен адамның философиялық тұжырымдамасы болып табылады. Автордың ниеті мен сұрақтарға жауап беру тұжырымдамасы магиялық реализмде шынайылықпен сәйкес келетін символдар, мотивтер мен бейнелердің тоғысуы арқылы ашылады.

Қазақ әдебиетінде магиялық реализм фольклорлық жанрлардан бастау алатынын С.Қасқабасов зерттеулерінен білеміз. Тәуелсіздік жылдары жарық

көрген Асқар Алтайдың «Казино», «Шаһид» әңгімелері магиялық реализм жанрындағы туындылар қатарына жатқызамыз.

«Шаһид» әңгімесінде автор бас кейіпкерді елеспен тілдестіріп, жолықтыру арқылы өмір мен өлімді сынайды. Елес бас кейіпкерге биліктің адуына алданған, лауазымның масаң буына масаттанған мінезін сынайды. Автор елесті беру арқылы қоғамдағы басшылардың шынайы мінез-құлықтары мен бетперделерін ашады.

Г.Казак секілді А.Алтайда өмір мен өлім арасындағы кейіпкердің ішкі сезімдерін суреттейді. Г.Казактың кейіпкері Роберт өлілер қаласының тұрғыны болса, А.Алтайдың кейіпкері өз өмірін елі үшін шаһид етеді.

А.Алтай туындыларындағы елес ол адам жанын алғыш ажал бейнесінде беріледі. «Шаһид» әңгімесіндегі елес бас кейіпкердің ажалы ретінде келіп, өмірде өткен жолы мен болашақта қандай іс жасар едің деген сауалдар қояды. Ғалым С.Қоңдыбай: «Ажал – екі мағыналы ұғым. Біріншісі, дәстүрлі дүниетанымда да, мұсылман агиологиясында да Жасағанның әмірімен адамның, жалпы тіршілік иелерінің жанын алатын тылсым күдірет иесі. Екіншісі, адамның биофизиологиялық ғұмырының аяқталғанын білдіреді (араб. Әбжәл)» [9, 100 б.] деп көрсетеді. Жалпы қазақ мифологиясындағы адам жанын алғыш ажал адам бейнесінде суреттеледі. А.Алтай туындыларында да елес адам бейнесінде тілдеседі, адаммен бір кеңістікте жүреді.

Магиялық реализм шығармада көркем шындықты беруде авторлық позицияның бейтараптығы үлкен рөл атқарады. Қаламгерлер өмірдің өткінші екенін, адам жаны мәңгілік емес екендігін елес кейіпкерлерді, екі дүниені суреттеу арқылы көрсетеді.

Қорытынды

Магиялық реализм эволюциясының қазіргі кезеңінде зерттеушілер көркем шындық деңгейлері арасындағы байланысты ерекшелік көрсетеді. Мәтіндік кодтар арасындағы қарым-қатынастардағы теңдік осы бағыттағы шығармалардағы қарапайым және ерекше құбылыстар саны арасындағы қатаң тепе-теңдікті анықтайды, бұл ретте минималды сурет-детальдар мен символдардың шектен тыс мәтіндік жақындығын сақтайды [10, 89 б.]. Зерттеуші Д.Микич магиялық реализмнің табиғатын зерттей отырып, бұл әдеби құбылыстың «романда барысында еркін еніп, күнделікті өмірде реалистіктік жағдайды суреттеудің басты формасы ретінде қызмет етеді» деп атап көрсетеді [7, 275 б.]. Осылайша, магиялық реализм сиқырлы және шынайы болуы керек барлық қарама-қайшылықтарды елемейді. Магиялық реализм әдебиетінде барлық баяндау барысында табиғи танылатын шындық пен табиғаттан тыс ауытқулардың көріністері бейтарап авторлық бағаны сақтай отырып, эквиваленттік негізділікке ие болады.

Алайда, магиялық реализмнің қазіргі авторлары оқырманға керемет әсер ететін табиғаттан тыс аймақ үшін айна тәрізді етіп жасауға күш салуда. Сипатталған бағыттың әдебиетін талдай отырып, оқырмандар екі мәдени кодты, екі дүниетанымды да бірдей байқайды.

Баяндау тұрғысынан магиялық реализмдегі бар мәдени кодтардың екі жақтылығы табиғи және қосарлы болып табылады. Ғалымдар сюжетті қосарлы баяндау тәсілдерін бөліп көрсетеді: дубляж (әр түрлі көзқарастағы үзіліссіз баяндау тізбегі) және қосарлы (әр түрлі көзқарастағы үздіксіз баяндау). Г.Казактың шығармаларында дубляж көрсетіледі, өйткені тұтастай баяндаудың негізінде жатқан оқиғаның бір бөлігі әртүрлі композициялық эпизодтарда бейнеленген. Осылайша, баяндау перспективаларын таңдау мәдени кодтарды синтездеу процесінің маңызды бөлігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бауэрс М.Э. Магический реализм // Социальные и гуманитарные науки. Литературоведение. – М.: РАН, 2006. – № 3. – С. 63-68.

[2] Гугнин А.А. Магический реализм // Литературная энциклопедия терминов и понятий. – М.: Просвещение, 2001. – С. 489-492.

[3] Маслова Е.Г. Магический реализм как парадигма культурнохудожественного сознания современного общества // Вестник ЧГПУ Гуманитарные парадигмы инновационного сознания современного общества. – Челябинск, 2012. – №10. – С. 254-269.

[4] Фролов Г.А. Зарубежная литература XX века. Курс лекций: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений по направлению подготовки «Филология». – Казань: Изд-во КФУ, 2015. – 283 с.

[5] Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.4. Фольклорлық иірімдер. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2015. – 328 б.

[6] Биякаева А.В. Эффективность космополитического подхода в анализе литературы магического реализма // Наука о человеке: гуманитарные исследования. – Омск, 2016. – № 2 (24). – С. 34-37.

[7] Биякаева А.В. О значении истины для природы двойственности художественной реальности в магическом реализме // Материалы III всероссийской научно-практической конференции с международным участием. – Омск: Изд-во ОГПУ, 2015. – С. 273-278.

[8] Тодоров Ц. Введение в фантастическую литературу. – М.: Изд-во Дом интеллектуальной книги, 1999. – 144 с.

[9] Қоңдыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымдарының негіздері. Энциклопедиялық басылым. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. – 480 б.

[10] Биякаева А.В. Гибридизация нарративных перспектив в литературе магического реализма как выражение его синтетической дуальности // Знание. – Киев: Изд-во Serenity-Group, 2017. – № 44. – С. 87-91.

[11] Алтай А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Арда+7», 2013. – 400 б.

REFERENCES

[1] Bowers M.E. Magicheski realism (Magical realism) // Social and humanitarian sciences. Literary studies. – М.: RAS, 2006. – № 3. – S. 63-68. [in Rus.]

[2] Gugin A.A. Magicheski realism (Magical realism) // Literary encyclopedia of terms and concepts. – М.: Enlightenment, 2001. – S. 489-492. [in Rus.]

[3] Maslova E.G. Magicheski realism kak paradigma kulturnokhudozhestvennogo soznaniya sovremennogo obchestvo (Magical realism as a paradigm of cultural and artistic consciousness of modern society) // Bulletin of ChSPU Humanitarian paradigms of innovative consciousness of modern society. – Chelyabinsk, 2012. – №10. – S. 254-269. [in Rus.]

[4] Frolov G.A. Zarubezhnaiya literatura XX veka (Foreign literature of the twentieth century). Course of lectures: A textbook for students of higher educational institutions in the field of Philology. – Kazan: Publishing House of KFU, 2015. – 283 s. [in Rus.]

- [5] Kaskabasov S. Tandamaly (Selective). T. 4. folklore yarns. Research from each year. – Astana: Folio, 2015. – 328 b. [in Kaz.]
- [6] Biyakaeva A.V. Effectivnost kosmopoliticheskogo podkhoda v analize literatury magicheskogo realizma (The effectiveness of the cosmopolitan approach in the analysis of the literature of magical realism) // Science of Man: humanitarian studies. – Omsk, 2016. – № 2 (24) – S. 34-37. [in Rus.]
- [7] Biyakaeva A.V. O znachenii istiny dlya prirody dvoistvennosti khudozhestvennoi realnosti v magicheskom realisme (On the meaning of truth for the nature of the duality of artistic reality in magical realism) // Materials of the III All-Russian Scientific and Practical Conference with international participation. – Omsk: OGPU Publishing House, 2015. – S. 273-278. [in Rus.]
- [8] Todorov Ts. Vvedeniye v fantasticheskuyu literaturu (Introduction to fantastic literature). – Moscow: Publishing House of Intellectual Books, 1999. – 144 s. [in Rus.]
- [9] Kondybay S. Bayırgı qazaq dunietaımdarının negizderi. Enciklopediyalıq basılım (Fundamentals of Indigenous Kazakh worldviews. Encyclopedic edition.) – Almaty: publishing house "Kazakh Tili", 2018. – 480 b. [in Kaz.]
- [10] Biyakaeva A.V. Gibridizatsiya narrativnykh perspektiv v literature magicheskogo realizma kak vyrazheniye yego sinteticheskoy dual'nosti (Hybridization of narrative perspectives in the literature of magical realism as an expression of its synthetic duality) // Knowledge. – Kiev: Serenity-Group Publishing House, 2017. – № 44. – S. 87-91. [in Rus.]
- [11] Altai A. Killer saıysqan (Killer fought). Stories and stories. – Almaty: "Arda+7", 2013. – 400 b. [in Kaz.]

МАГИЧЕСКИЙ РЕАЛИЗМ В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ПРОЗЕ (ПО КАЗАХСКОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ)

Оразбек М.С.¹, *Сагидуллиева С.С.²

¹д. ф.н., профессор, Евразийский национальный университет
им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: makpal_zere@mail.ru

*²докторант Евразийского национального университета им.
Л.Н.Гумилева Астана, Казахстан, e-mail: samatovna2021@inbox.ru

Аннотация. В наше время концепция человеческой ценности становится все сложнее, что влияет на реалистический метод, так как в художественное произведение включаются иррациональные, мистические элементы. Интерпретация реальных явлений в жизни через мифические мотивы и фантастические элементы оказала влияние на развитие в мировой литературе в XX веке нового направления – магического реализма. Цель статьи – рассмотреть историческое становление магического реализма на стадии развития современного литературного процесса, а также сочетание реалистического и фантастического, магического и иррационального для полного понимания его влияния на человечество. Этап развития метода магического реализма, его своеобразие и отличие от других направлений систематически рассматривались в научном контексте.

В статье проблема изучается с применением компаративистского исследования, подходов герменевтического анализа, метода психоаналитического анализа взаимоотношения героя и автора. Описывается роль времени и пространства в изображении действительности, проявление символических деталей.

Актуальность темы исследования заключается в том, что, хотя метод магического реализма получил широкое распространение в мировой литературе, в казахской литературе произведения с элементами магического относились к мифическим. В статье произведен систематический анализ метода магического реализма, его особенностей и отличия от готического, мистического, фантастического жанров. Кроме того, была рассмотрена история и современный уровень развития метода магического реализма.

Научная значимость исследования проявляется в том, что анализируется подход и историчность метода магического реализма в произведениях отдельных авторов в мировой и казахской литературе. В качестве материала исследования взяты зарубежные и отечественные теоретические литературоведческие труды и произведения немецкого и казахского писателей. В статье изложены результаты исследования духовных корней творчества немецкого писателя Г. Казака, определена модель выявления гуманистических ценностей, обоснована «взаимосвязь прогрессии и регрессии», передана трагичность поворотов истории на примере интерпретации его мифических произведений, анализируется умение казахского писателя А. Алтая передавать реалии жизни через мифические сюжеты, романтические параллели, мотив двойственности, рассмотрен художественный уровень описания современных общественных реалий. Что касается практической значимости, материалы работы можно использовать в сравнительных исследованиях мировой и казахской литературы, в преподавании дисциплины «Теория литературы» при изучении художественных методов.

Ключевые слова: художественная проза, магический реализм, постмодернизм, фантастика, казахская и мировая литература, национальная ценность, миф, готика

MAGICAL REALISM IN FICTION (BASED ON KAZAKH AND FOREIGN LITERATURE)

Orazbek M.S.¹, *Sagidulliyeva S.S.²

¹Doctor of Phil.Sc., Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan, e-mail: makpal_zere@mail.ru

*²doctoral student of L.N.Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan, e-mail: samatovna2021@inbox.ru

Abstract. Today, the concept of human value has become more complex, influencing realistic approaches by incorporating irrational and mystical elements into artwork. The interpretation of real-life phenomena through mythical motifs and fantastic elements has influenced on the development of a new literary direction in the twentieth century – magical realism. The article aims to explore the historical stage of magical realism in the context of modern literary processes and examine the amalgamation of realistic and fantastical, magical and irrational elements for a comprehensive understanding of their impact on humanity. The methodical development stage of magical realism, its distinctions, and its specificity compared to other literary directions are systematically examined in a scientific context.

In the research, a comparative approach, hermeneutical analysis, and the psychoanalytic method of exploring the relationship between the hero and the author were employed. The analysis delves into the role of time and space in representing reality and scrutinizes the manifestation of symbolic details.

The relevance of the research lies in the fact that, despite the widespread use of magical realism in world literature, works containing magical elements in Kazakh literature were often classified as mythical. The article systematically analyzes the application of the magical realism method, highlighting differences and features compared to Gothic, mystical, and fantastic genres. Furthermore, the article explores the historical development of magical realism and its current status.

The scientific significance of the study is rooted in the analysis of the approach and historicity of magical realism in the works of individual authors in both world and Kazakh literature. The research material includes theoretical works from foreign and domestic literary studies and the works of a German writer and a Kazakh writer. As a result of the research, the German writer G. Kazak explores the roots of morality in Cossack works, identifying models for working out humanistic values and justifying the "relationship of progress and regression." He explains the tragic turns of history through the interpretation of mythical works. The Kazakh writer

A. Altay discusses mythical plots, the romantic double, and the motive of duality through the restoration of a second reality. The artistic level considers descriptions of modern social realities.

Keywords: fiction, magical realism, postmodernism, science fiction, Kazakh and world literature, national value, myth, Gothic

Статья поступила 11.04.2023